



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

23.05.2024 № 320
Астана қаласы

город Астана

**«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының 2023 жылғы
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
және таза кірісін бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 1103 бұйрығымен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Қоғамның (010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18-ғимарат, БСН 071140005693, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ЖСК KZ276010111000098110, БСК HSBKZKX) 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігі;

2) 2023 жылдың қорытындысы бойынша 995 790 000 (тоғыз жүз тоқсан бес миллион жеті жүз тоқсан мың) теңге мөлшерінде алынған Қоғамның таза кірісін бөлу 697 053 000 (алты жүз тоқсан жеті миллион елу үш мың) теңге Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтерді төлеу үшін республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

298 737 000 (екі жүз тоқсан сегіз миллион жеті жүз отыз жеті мың) теңге мөлшеріндегі сома Қоғамның иелігінде қалдырылсын;

3) «Электрондық мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік ақпараттық жүйесін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 2/57 шарт (бұдан әрі – Сенімгерлік басқару шарты) бойынша таза кірісті 853 427 000 (сегіз жүз елу үш миллион төрт жүз жиырма жеті мың) теңге мөлшерінде бөлу, бұл ретте 426 714 000 (төрт жүз жиырма алты миллион жеті жүз он төрт мың) теңге мөлшеріндегі сома республикалық бюджеттің кірісіне аударуға жіберілсін;

005181

сенімгерлік басқару шарты бойынша 426 713 000 (төрт жүз жиырма алты миллион жеті жүз он үш мың) теңге мөлшеріндегі сома Қоғамның иелігінде қалдырылсын;

4) 2023 жылғы дивиденд мөлшері Қоғамның бір жай акциясына шаққанда 1285 (бір мың екі жүз сексен бес) теңге 66 тиын көлемінде бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма төрағасы (Я.Ж. Тулешов):

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтерді республикалық бюджетке аударуды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Сенімгерлік басқару шарты бойынша таза кірісті республикалық бюджеттің кірісіне аударуды қамтамасыз етсін;

3) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі А.Н. Турысовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі**



М. Такиев